6D090500 - «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Амирбекова Гулмира Есенбековнаның «Қазақстанда аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

СЫН-ПІКІР

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	6D090500 – «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы негізінде жазылған диссертация жұмысының тақырыбы бүгінгі қоғамда орын алып отырған аса маңызды әлеуметтік – Аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларға көңіл бөлуді, эмпатияны, тіпті оларға барынша көмек пен жәрдемді талап ететін ғылыми-теориялық, пәндік-әдіснамалық, бағдарлық-практикалық мәселеге арналған. Сол себепті, диссертацияда АСБ проблемасы кең түрде және кезек күттірмейтін, мүмкіндігінше шешімі тезарада қабылдануға тиісті ғылыми мәселе ретінде қарастырылған. Аталған мәселе бойынша жұмыс барысында диссертант көптеген мемлекеттік және ғылыми бағдарламаларды басшылыққа ала білген. Олар: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (28.08.2021 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен); Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚР (Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі (2021.31.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен); «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы; «Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру)» тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 Қаулысы (2021.28.12. берілген өзгерістермен); Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі

			білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (19.01.2023); «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»; 2023 жылғы 28 наурызда ҚР Үкімет басшысының №248 қаулысы және басқа да нормативтік құжаттар.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың ғылымға, тіпті қоғамға қосар үлесі елеулі болары анық, себебі ол бүгінгі таңда тек әлемде ғана емес, Қазақстанда да АСБ бар балалар санының жыл өткен сайын (2020 жылы елімізде 6 771 аутист бала тіркелсе, 2022 жылы 12 087 бала есепке алынған. Мектеп жасына дейінгі 3-5 жас аралығындағы балалар саны – 4 331, 6-18 жас аралығындағы балалар саны – 6 704. Алматы ақшамы №40 (633) 28 наурыз, 2023 жыл) өсіп-өршіп келе жатқан аса маңызды әлеуметтік мәселеге арналып отыр. Жұмыстың маңыздылығы сол аутизм синдромның бұзылысынан жапа шеккен балаларды әлеуметтік оңалту мен педагогикалық қолдаудың жеткіліксіз болуы, мамандандырылған мекемелер санының аздығы, елді мекендер мен аудан орталықтарында олардың мүлдем болмауы, сонымен бірге білікті мамандардың жеткіліксіздігі, инклюзияның тиімді жүзеге аспауы сияқты мәселелердің туындау себептері мен салдарларын көрсетіп, талдап қана қоймайды, сонымен бірге соларды шешудің жолдарын барынша қарастыруға тырысады. Аталған жұмыс жан-жақты зерттеліп-зерделене келіп, АСБ бар балалардың психологиялық, әлеуметтік дамуында кездесетін мәселелердің сипатына қарай кешенді эмоционалдық, психологиялық, педагогикалық түзету, коммуникативтік, тепе-теңдікті үйлестіру, мотивациялық әдіс тәсілдерді қолдану арқылы жағымды өзгерістер мен дамуды қамтамасыз ете алатынын, сондай-ақ АСБ бар балаларды оңалту үдерісінде мамандармен қатар ата-аналарды белсенді қатыстырып, балалардың

			қажеттіліктері мен индивидуалдық ерекшеліктері ескеріліп, есепке алынуы әрдайым нәтижелілікке алып келетінін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, тақырыптың өзектілігін ашып берген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1**) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияны жоғары деңгейде жазылған жұмыс ретінде бағалауға әбден болады. Жұмысты диссертанттың өзі жазғандығын біріншіден, тақырып мәселесін ашу барысында алдына қойылған нақты мақсаты негізінде көре аламыз, екіншіден сол мақсатқа сай мәселені шешуге арналған міндеттердің жүйелі түрде жинақталып берілуінен көреміз. Сондай-ақ, диссертация мәселесі төңірегінде жасалған ғылыми-практикалық қорытындылары мен тұжырымдары, статистикалық дәлелдемелері және проблема аясында жасалған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар нәтижелері ізденушінің әуеден-ақ жоғары білікті маман ретінде қалыптасқандығын байқаймыз. Сонымен бірге, тақырыпқа байланысты түрлі басылымдарда жарияланған ғылыми мақалаларынан, ғылыми-практикалық конференцияларда жасалған баяндамаларынан да диссертанттың жүйелі ойлау, сауатты жазу, ғылыми талдау стилін терең меңгергенін анық аңғарамыз.

4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Аутизм спектрінің бұзылуы (АСБ) бар балаларда әлеуметтік өзара әрекеттесу бойынша мәселелердің болуы, олардың қызығушылықтары мен ойын әрекеттеріндегі қиындықтардың ұшырасуы, стереотиптік мінез-құлықтың орын алуы, сөйлеудің және ауызша коммуникацияның бұзылуы, интеллектуалдық күйзелістердің күрделенуі, сонымен қатар олардың кеңістікте бағдарлануды дұрыс сезінбеуі, соның нәтижесінде жүру мен қозғалыстың дұрыс қалыптаспауы сияқты мәселелердің туындауы балалардың әлеуметтенуі, білім алуы мен қалыпты өмір сүруі үшін сапалы әрі кешенді оңалтуды қажет ететіндігі жайындағы проблемалар диссертациялық жұмыстың өзектілігімен негізделген. Қазіргі кезеңде мемлекет пен қоғам тарапынан ерекше даму қажеттіліктерімен ерекшеленетін адамдарға қатысты қарым-қатынасты дамыту интеграциясына үлкен мән беру жағдайында АСБ бар балаларды қоғамға кіріктіруге және өз бетінше мағыналы да белсенді өмір сүруге мүмкіндік беретін әлеуметтік көмек құралдарын іздестіру маңызды міндет болып табылатындығын және олардың дамуындағы бұзылыстардың ерекшелігіне байланысты АСБ бар балалардың әлеуметтік бейімделуіне әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан қолдау жүйесін құру, әлеуметтік оңалтудың барлық түрлерін, аспектілерін кешенді түрде зерттеу керектігін дәйекті әрі дәлелді түрде негіздеп берген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1**) айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды және зерттеу мәселесін ашу жұмыс мақсатын барынша нақтылайды. Диссертация мазмұны зерттеудің мақсатына қол жеткізудегі міндеттерін шешуді қамтиды. Жұмыстың ғылыми жаңалығын, тәжірибелік маңыздылығын, зерттеу нәтижелерін қорыта келе, қорғауға ұсынылған тұжырымдары дәйектелген. Диссертация бөлімдерінің өзара байланыстылығы жұмыс мазмұнының диссертация тақырыбына сәйкестігін білдіреді.

		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **<u>сәйкес келеді;</u>** 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Жұмыстың дәл құрастырылған зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына барынша сәйкес келеді. АСБ ауыратын балалардың әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық сипаты мен оларды әлеуметтік оңалтудың барлық түрлерін, аспектілерін кешенді зерттей отырып, әлеуметтендіруді ұйымдастыру және жетілдіру мүмкіндіктерін жасау болып анықталған мақсат-міндеттерге жету жолында көмек беру үлгісін ұсыну зерттеу жұмысының тақырыбымен өзара байланыста орындалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) **<u>толық байланысқан;</u>** 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері, оларды құрылымдайтын бөлімшелері, қорытындылайтын тұжырымдары толығымен логикалық өзара байланысқан. Әрбір зерттеу сатыларының орындалу барысында алынатын нәтижелер алдыңғы сатысымен логикалық түрде тұтасып қажетті мәліметтермен толықтырылған. Зерттеу жұмысы бөлімдерінің әрқайсысы үшін белгіленген міндеттерді шешуде өзара үйлесімділік сақталып, бөлімнен бөлімге бірізділікпен жалғасып, шынайы ғылыми деректермен негізделіп бүтін бір ғылыми еңбек ретінде құрылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) **талдау жартылай жүргізілген**; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Жеткілікті көлемде тақырыпқа сай ғылыми әдебиеттерді жан-жақты сараптап-талдауы, заманауи зерттеу әдістер кешені мен мәліметтерді сауатты жеткізуі ізденушінің ұсынған жаңа ғылыми шешімдерінің аргументтелгендігін көрсетеді. АСБ бар балаларды қалпына келтіру жолында көмек беруді ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған зерттеудің қағидаттары мен жаңа деректері ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, ғылыми-әдеби шолу жасауда және өзіндік зерттеулерде бұрыннан белгілі шешімдермен өзара салыстырылып сыни талдаулар жасауы арқылы бағаланған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?	Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидаттар мен ғылыми нәтижелер АСБ бар балаларды әлеуметтендіруді ұйымдастыруды

		1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	жетілдіру мен іске асыру тұрғысынан жаңа болып табылады. Атап айтқанда: 1. Қазіргі заманғы білім беру жағдайында АСБ бар балаларды педагогикалық қолдау көрсету. 2. Мүмкіндігі шектеулі балаларды реабилитациялаудың теориялық негіздерін, психикалық және физикалық даму ерекшеліктерін зерттеу. 3. АСБ бар балаларды оңалтудың ең тиімді тәсілдері мен әдістерін ұсыну. 4. АСБ бар балаларды оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеу және енгізу. Осының барлығы ізденушінің ұсынып отырған ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа екендігін білдіреді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? **1) толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы мен мәселесі тың болғандықтан және бүгінгі қоғамның сұраныстарына барынша жауап беретіндіктен, диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Бұған диссертанттың алдына қойған мақсат-міндеттеріне сай алынған ғылыми нәтижелері, ғылыми жаңалықтары мен қорғауға ұсынылған қағидат-тұжырымдары толығымен дәлел болады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? **1) толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертант ұсынған технологиялық басқару шешімдері негізделген әрі жаңа болып табылады. АСБ бар балаларды оңалтудың ең тиімді тәсілдері мен әдістерін ұсыну, яғни дертті алдын ала диагностикалау, реабилитациялық көмекті кешенді үйлестіру, потенциалды даму аймақтарын ескере отырып ерте жасынан жүйелі түрде дифференциалды принциппен ұйымдастыру және мамандардың интегративті әрекет етуін қолдау тәрізді істерді жүзеге асыру жұмыстың технологиялық, экономикалық жағынан басқару шешімдерінің толығымен жаңа екенін растайды.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Алынған нәтижелердің дұрыстығы талданған мәліметтердің қажетті көлемімен, таңдалған зерттеу әдістерімен және статистикалық өңдеулермен, барлық негізгі қорытынды-тұжырымдар сапалы зерттеу мен жүйелі шолулар жасауға мүмкіндік беретін әдеби көздерден тұратын ғылыми тұрғыда ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Зерттеу жұмысының мазмұны мен құрылымына сәйкес алынған ғылыми нәтижелері мен қорытындылары, ғылыми деректерді пайдалану тәртібі, жұмыстың көлемі, техникалық талаптарға сәйкестігі (PhD) докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарды қанағаттандырады. Барлық қорытындылар автордың жұмысы арқылы алынған зерттеу нәтижелерін талдаудан тұрады және зерттеу міндеттеріне сәйкес тұжырымдалады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1**) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ** 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия;**	7.1 Диссертациялық жұмыстағы қорғауға ұсынылатын негізгі қағидаттар жаңа әрі дәлелденген. Г.Е. Амирбекованың диссертациялық жұмысының негізгі қағидаттары авторлық жарияланымдарда: Scopus мәліметтер базасында; Білім және ғылым сферасында бақылау комитеті ұсынған ғылыми баспаларда; халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы мақалалар мен баяндамаларда ғылыми дәлелденген. 7.2 Жоқ. 7.3 Иә. Тақырып аясында алынған қағидаттар жаңашыл. АСБ бар балаларды оңалту мәселелерін жан-жақты зерттеу нәтижесінде алынған қағидаттар диссертациялық жұмыста толық қамтылып көрсетілген. 7.4 Жұмыстағы қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттардың практикалық тұрғыдан алғандағы қолданыс аясы барынша кең. 7.5. Иә.

		2) жоқ	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) **ия;** 2) жоқ	Иә. Диссертацияда зерттеу әдістерінің кешені мен зерттеу әдіснамасы жеткілікті дәрежеде сипатталып негізделген. Алынған нәтижелердің дұрыстығы зерттеу материалының көлемімен дәлелденген. Сонымен қатар, зерттеу әдіснамасы және орындау сатылары бірізділікпен баяндалған. Зерттеу әдістерін жүргізудің әр түрлерін үйлестіру диссертациялық жұмыстың негізгі міндеттерін оптимальді шешуге мүмкіндіктер берген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1**) ия;** 2) жоқ	Иә. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері классикалық, статистикалық сипаттау әдістері арқылы талданған. Зерттеу мәліметтерін талдау салыстырмалы ақпараттық-аналитикалық, статистикалық әдістердің көмегімен жүргізіліп, докторантқа қорытынды тұжырымдары мен тәжірибелік ұсыныстарын өңдеуге мүмкіндік берген. Нәтижелерді статистикалық өңдеу SPSS Windows арналған 20.0 версиясымен (Statistical Package for the Social Sciences) бағдарламалардың статистикалық пакеті көмегімен жүргізген. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып заманауи зерттеу әдістерімен нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау арқылы тақырып мазмұнын толықтыра түскен.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) **ия;**	Иә. Зерттеу жұмыста қорытындыланған теориялық тұжырымдар, құрастырылған модельдер, эксперименттік жұмыстағы қолданылған өлшем құралдары мен педагогикалық-психологиялық-диагностикалық материалдар, эксперименттік жұмыстың нанымдылығын, сенімділігін математикалық статистикалық әдістер арқылы дәлелденген және расталған. Жұмыстағы қорытындылар мен анықталған өзара байланыстар ізденушінің өзіндік зерттеулерімен дәлделденген.

		2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **<u>расталған</u>** / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмысты жазуда пайдалынылған маңызды мәлімдемелердің көпшілігі өзекті ғылыми әдебиеттерге берілген сілтемелермен расталған. Диссертация тақырыбына сәйкес библиогрфия бөлімі талаптарға сай құрастырылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **<u>жеткілікті/</u>**жеткіліксіз	Диссертацияны жазу барысында 210-нан астам әдеби көздер пайдаланылып, зерттеу мақсатына сәйкес талдаулары адалдық кодексіне сәйкес сілтемелер келтірумен құрастырылған. Әдеби шолуда соңғы жылдардағы әдебиеттерді қамту көлемі зерттеу жұмысы үшін жеткілікті болып табылады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1**<u>) ия;</u>** 2) жоқ	Ия. Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы зерттеу нәтижелерінің жоғарғы оқу орындары мен жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беруде тақырыптық оқыту, сонымен қатар АСБ бар балаларды оңалту, реабилитациялық көмек көрсету мекемелерінде істейтін мамандар мен педагогтардың біліктілігін арттыру үшін жұмыс бағдарламаларын құрастыруға негіз бола алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1**<u>) ия;</u>** 2) жоқ	Ия. Диссертациялық жұмыста АСБ бар балаларды оңалту жұмыстарына байланысты практикалық-қолданбалық компоненттер жеткілікті. Диссертацияда алынған нәтижелерді тәжірибеде тиімді пайдалану, ұтымды қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? **1) <u>толығымен жаңа;</u>** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация авторының тәжірибелік ұсыныстары толығымен жаңа әрі барынша сыналып ұжымдық эксперименттермен негізделген. Және Қазақстанда АСБ бар балаларға арналған әлеуметтік қауіпсіз ортаны құруға бағытталған іс-шараларға өз үлесін қосары анық.

10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) <u>жоғары;</u>** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс жоғары академиялық сауаттылықпен жазылған. Ресми қазақ тілінде баяндалған мәтін біртұтастықты сақтай отырып, дұрыс құрылымдалған. Бөлімдер мазмұнына қарай логикалық ретте орналасқан. Жазу стилі ғылыми әрі түсінікті. Ғылыми этикетке жүгіне отырып, жұмысты ғылыми-техникалық талаптарға сай рәсімдеген. Бұл академиялық жазу сапасының жоғары екендігін көрсетеді деп білеміз.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:
«Умай» жобасының координаторы,
Ғылыми- тәжірибелік бастамалар орталығы **М.М.Нуркатова**